

«Гүлдер» балабақшасындағы Қамқоршылық кеңес отырысының
№2 ХАТТАМАСЫ

Ақтау қаласы

19.11.2024ж

Қатысты: балабақша директоры, балабақша әдіскері, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібі

1. Балабақшаның материалдық-техникалық базасының жағдайы.
2. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары.
3. Жаңа жыл мерекесіне дайындық.

Тыңдалды

1. Бірінші мәселе бойынша директор М.Овезова мекеменің материалдық-техникалық базасына талдау жасап, топ бөлмелерінің, ойын алаңдарының, оқу-тәрбие құралдарының және жиһаздардың қазіргі жағдайы туралы баяндады. Жыл басынан бері жаңартылған құрал-жабдықтар таныстырылып, алдағы уақытта қажетті материалдарды кезең-кезеңімен толықтыру жоспарланып отырғаны айтылды.

Сөйледі: Кеңес мүшелері балалардың жан-жақты дамуына қолайлы орта қалыптастырудың маңыздылығын атап өтіп, демеушілік және қоғамдық қолдау көрсету бойынша ұсыныстарын білдірді.

2. Екінші мәселе бойынша балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат берілді. Балабақшада өрт қауіпсіздігі, санитарлық талаптардың сақталуы, бейнебақылау жүйесінің жұмысы, кіріп-шығуды бақылау, серуен кезіндегі қауіпсіздік және қызметкерлермен өткізілетін нұсқамалар туралы баяндалды.

Сөйледі: Кеңес мүшелері қауіпсіздік талаптарының тұрақты сақталуы қажет екенін айтып, ата-аналар арасында да қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру жұмыстарын күшейтуді ұсынды.

3. Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Б.Джуматова Жаңа жыл мерекесін ұйымдастыру жоспарын таныстырды. Ертеңгіліктердің кестесі, топтарды мерекелік безендіру, балалардың қауіпсіздігі, сыйлықтарды дайындау және ата-аналармен бірлескен жұмыстар туралы мәлімет берілді.

Сөйледі: Кеңес мүшелері мерекелік іс-шараларды балалардың жас ерекшеліктеріне сай, қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып өткізуді қолдап, ата-аналардың белсенді қатысуын ұйымдастыруды ұсынды.

**Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе Қамқоршылық кеңес
ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Балабақшаның материалдық-техникалық базасының жағдайы қанағаттанарлық деп танылсын. Қажетті құрал-жабдықтарды кезең-кезеңімен толықтыру жұмыстары жалғастырылсын. Материалдық базаны нығайтуға бағытталған ұсыныстар келесі отырыста қарастырылсын.-техникалық базаны жақсарту бойынша ұсыныстар назарға алынсын.
2. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар назарға алынсын. Қауіпсіздік талаптарының орындалуына тұрақты бақылау жүргізілсін. Ата-аналарға қауіпсіздік ережелері бойынша түсіндіру жұмыстары жалғастырылсын.
3. Жаңа жыл мерекесіне дайындық жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілсін. Мерекелік іс-шаралар барысында қауіпсіздік талаптарының сақталуы қатаң бақылауға алынсын. Топтарды безендіру және мерекелік көңіл күй қалыптастыру жұмыстарына ата-аналар қауымдастығы тартылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Сейтахметов Амангелди
Хатшы Хайруллина Диана



Хатшы Хайруллина Диана